

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

---

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

III том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (торага), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,

А. Темірболатова, Ж. Тілеуов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

### Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаева**

### Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

### Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдіманұлы**

А 13      **Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар /**  
құраст, түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ  
әділ; жауапты ред. Ә. Тарап; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-  
маты: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)**

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазакстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбіштулұ Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Үшінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрғен, уақыт сыйынан еткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген. Кітап орта мектептің жогары синапті оқушылардың жогары мектептеге білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мемдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ак қалың көпшілікке арналған.

III томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінін нығайына, интеллектуалдық, олеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді. Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәннардың зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

## **АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІ МЕН НАҚЫЛДАРЫ**

1

Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-оый мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің аскар шынын бейнелейтін кеменгері Абай Құнанбаев – өз ұлтының реалистік гуманистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезінің ең басты мәселелерін дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген прогресшіл ақын. Ол халқының болашағы үшін жан аямай қызмет етті, оны мәдениет нұрына үндеді. Белгілі бір тарихи кезеңнің алға қойған сұрауына жауап беріп, елінің әдебиет көшін зор мақсатқа мензеді.

Кеменгер ақынның ұлы мақсат-мұдделері бізге тамаша гуманистік әдеби еңбектері арқылы жетті. Абай қалдырыған бұл мұралар өз дәуірінің алуан түрлі мәселелерін қамтыды, сол кездегі қазақ елінің шын сырын ашты. Абайдың шығармалары – өз дәуірінің келелі мәселелерін реалистікпен суреттейтін, ағартушылық гуманистік мазмұнға бай, ізгі ниеттер мен терең ойға толы, шебер тілді көркем туындылар.

Амал не, Абайдың осы асыл мұралары өзі тірі кезінде, бүтінгідей жоғары бағаланып, кең танылып кете алмады. Абай шығармалары (бір-екі өлеңнен басқасы) қолдан көшіріліп, қолжазба күйінде не жатқа айттылу арқылы ғана тарапалды. Ақын өлеңдерін шағын жинақ ретінде 1909 жылы Кәкітай ҮІсқақов бастырыған еді. Ал одан кейін 1917 жылы Құрманов дегеннін редакциясы бойынша, Абайдың таңдамалы өлеңдерінің шағын жинағы Орынборда басылып шыққан-ды.

Ресей географиялық қоғами Абай туралы мәліметтерді ерте кезден-ақ бере бастады. 1906-1907 жылғы «Хабарларында» ақынның суретін және ол туралы Әлихан Бекейхановтың көлемді макаласын жариялады. Ал 1914 жылы сол қоғам А.Н. Веселовскийдің құрметіне арнап шығарылған «Шығыс жинағының» үшінші бөлімінде ақынның кейбір өлеңдерін бірінші рет орыс тіліне ауда-

рып басты. XX ғ. басында өмір сүрген ұлы жазушылар – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан, Жүсіпбек, Сұлтанмахмұт, т.б. ақынның ерекшелігін танып, оны «Қазақтың бас ақыны», – деп ардактады, үлгі тұтты. Кейін ақын шығармашылығы жаңадан жаңғырғандай болды. Оның шығармалары толық жинақ түрінде де, жекелеген кітаптар түрінде де әлденеше рет баспа бетін көрді, туысқан халықтар тілдеріне аударылды.

Кейінгі жылдары республикамыздың ғылыми-зерттеу орындары мен әдебиетшілері Абай шығармашылығын игеруде жана қадамдар жасады. Құнделікті баспасөз бетіндегі мақалаларды былай қойғанда, көлемді монографиялық зерттеулер де жарық көруде. Бұл еңбектер, сез жоқ, абайтану тарихында жаңа бір белес биігін танытады.

Абайтану қазір өз алдына бөлек бір ғылым болып қалыптасты. Бұл ғылымды негіздеудегі аса көрнекті ғалымымыз М.О. Әуезовтің еңбегін ерекше атап көрсету қажет. Ол қазақтың классик ақыны Абайдың көркем образын жасаумен қатар, терен ғылыми-зерттеу жұмысын да жүргізіп, абайтану ғылымының негізін салды. Ақын шығармаларын жинастырып, оның тұнғыш толық жинағын шығарды, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы фактілерге бай, ғылыми тұжырымдары дәйекті де терен, көлемді монография жариялады. Ұзақ жылдар бойына еңбек етіп, Абай шығармашылығының келелі мәселелері туралы көптеген зерттеулер, мақалалар да жазды.

Бүгінде Абай мұралары жанрлық жағынан да, поэтикалық тілі, көркемдігі мен халықтығы жағынан да жан-жақты әрі тиянақты зерттелуде. Абай шығармашылығының арналары басқа елдер әдебиетімен, оның ішінде классикалық әдебиеттермен байланысты қаралып, одан ақынның үйрену, аудару тәжірибелері мол зерттеулер туғызып отыр. Абайдың дүниеге көзқарасы, қоғамдық ойлары, оның орыстың озық, ілгерішіл идеясымен байланысы сияқты мәселелердің де беті ашылды. Абайды зерттеуге тілшілер де, экономистер де, философтар да, тарихшылар да, заң-хұқық қызметкерлері де белсene ат салысада. Бұлардың еңбектері өзінің жақсы нәтижелерімен жүртшылық көнілінен шығып отыр.

Абайды зерттеу ісі қазір тек қазақ ғалымдарының ғана шұғылданар ісі болмай, бүкіл жер жүзі ғалымдарының төл ісіне айналып кетті.

Әсірессе, 1995 жылы ЮНЕСКО-ның Абайдың туғанына 150 жыл мерекесін тойлау туралы шешімі, оның даңқын бүкіл әлемге әйгіледі. Осы тұстагы Абай шығармаларының басқа тілде басылулары мен ақын жайында шыққан жеке мақалалар мен кітаптар оны қалың қауымға бұрынғыдан да танымал ете түсті.

## 2

Абайдың қарасөздері мен нақылдары – ақын шығарма-шылығының елеулі саласы, өлеңдерімен мазмұндас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығармалар. Сонымен бірге, әдеби жаңа түр, алғаш көрінген проза, публицистика. Ақынның теренден толғаған озық ойларының шынайы туындысы. Өлеңдерін туғызған тарихи әлеуметтік жағдайлар қарасөзінің тууына да себепкер. Ол – өлеңдерінде де, қарасөздерінде де өмір шындығын, халықтың арманын, болашақ қамын көздеген жазуши. Өзі айтқандай: «Қыранша қарап Қырымға, мұң мен зарды қолға алды, Кектеніп надан зұлымға, шиыршық атты толғанды».

Абайдың қарасөзге бет бұруы ойламаған жерден ойға алған кездейсоқ емес, керекті занұы бетбұрыс еді. Таланттың өзін туғызатын тарихи әлеуметтік жағдай, халықтың қалың ортасының көрегі болса, оның творчестволық ізденістеріне бастау да сол.

Көңіліндегі көрікті ойдың еңін қашырмай халыққа жеткізу, өнеге қалдыру, ақыл айту, оны терен толғантты, қиял қанаттанып, шабыт бійгіне көтерілді. Айттар сырларын, арман-ойларын түгел баяндап, тындаушысын тәнті етіп, оқушысының сусынын әбден қандыру үшін тек поэзия аздық ететіндей, прозага да бет бұрды. Кейбір тарихи не философиялық пікірлерін жеткізе айту үшін оған поэзиядан гөрі қарасөздің мүмкіншілігі мол сиякты сезілді.

Бірақ Абай алдында әзір түрған проза үлгісі қазақ әдебистінде болған жоқ. Бұрынғы ауыз әдебистіндегі түрлі тақпақ, ертегі аныз-әңгіме түрлері де, шешенсіген би сөздері де Абайға көркемдік

ұлгі болып кете алмады. «Ескі бише отырман бос мақалдаپ», – деп қазақтың ескі билерінің түр құған бос сөздеріне сын айтты. Абай өз сөздерін халықтың терең идеяға құрып, оған көркем түр бере түзеп, тыңдаушыларын да түзелуге шақырды. Ол қандай шығарма жазбасын бәрінде де түр қуаламай, мазмұнға ерекше мән беруді мақсат тұтты. Сондықтан да өз шығармаларының түрі мен мазмұнын қабыстырып, терең мазмұнына сай өзінше түр тауып қолданды.

Ол үшін, Абай өзіне әбден таныс қазақ ауыз әдебиеті, Батыс әдебиеті, Орта Азия әдебиеті жасаған әзір үлгілерді білсе де, оның барлық белгілі түрлерін қабылдай алған жоқ. Ертегі, аңыз шежіре, хикая тағы басқа жазған жоқ. Ол өзінше жазды. Ақындық жолындағы ізденістері нәтижесінде лириканың көптеген жаңа түрлерін дамытқан Абай прозаның қолдануға ынғайлыш, жетімді түрін іздестірген сияқты. Құлаққа женіл, жатқа айтуға да көнерлік, сол тұстағы қауым талғамына сай өзіндік стиль тапты. Осылайша қазақ әдебиетінің тәжірибесіне әлі сіңбеген прозалық шығарма жазуды бастады. Бұл салада алғаш қадамдар жасады. Ол өз кезіне лайық жаттап алуға, ойға салып, тәлім алуға мүмкіндігі мол қарасөз түрін тапты. Сол сөздер арқылы Абай өлеңдерінде қозғаған алуан түрлі жаңа пікірлерін, ішін кернеген ой толғауларын жазып қалдырыды. Келешектің кәдесінә жараптық өсінет, кезіне керекті насиҳат, жас буынға ой саларлық ғақыл, өмір ережесі етіп тұтарлық шешен нақыл сөздер тізді.

«Ақыры ойладым, – дейді Абай, – осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, «керегі жоқ» десе, өз сөзім – өзімдік». Осы ойға кірісken Абай, өзінің көтерген мәселесін ұзақ желіге құрып, оқиғасын көркем бейне арқылы ашууды мақсат қылмайды. Ол өзінің айтпақ болған ойларын, өлеңдерінде көтерген мәселелерін көлемі шағын, мазмұны бай, сөзі орамды, тілі өткір қарасөздер арқылы қысқағана әнгімелеп береді.

Абай өзінің өсінет сөздерін, ғақлияларын тұтас бір шығарма ретінде шығару жолында өзіне әзір стильдік үлгі болар туындыны, біздің кейінгі кездегі болжамымыз бойынша батыстан да емес,

(біз бұрынғы зерттеуімізде А.С. Пушкиннен тапты дегенбіз), шығыстан, парсы ғұламаларының еңбектерінен тапқаны анық. Ондай ойга біз «Кабус-наманың» қазақ тілінде бөлек кітап бол шыққан кезінен келгенбіз. Байыпташ карасақ Кейқауыстың «Кабус-намасы» өзінің сыртқы түрі мен стилі жағынан өте жақын туындылар екен. Екеуінде де қырық бес өсінет сөздер тізілген. Айырмасы мазмұнында екен. Кейқауыс өзінің «Кабус-намасын» (өсист кітабын) өзінің туған ұлына арнап, соның болашағы үшін керекті ақылдарын айтады. Өз басының тәжірибесін қорытып, болашакта қажет болар деген ниетпен баласына өсінет етеді. Өмір тәжірибесін түйіп, жақсылық, әділдік жолдарын мәнзейді. Аллаға, дін ісіләм қағидаларына берік болудан бастап, үкімет билігін қалай жүргізу, адаптациялік, ақыл иесі болу жолдарын, өнерлі, өнегелі іс қыла білуді әңгімелеген. Ал Абай болса, бір адамға емес, ақылдарын барлық қазаққа, кала берді бүкіл адам баласына қарата айтады. Қазақ елінің, ұлтының шындығынан алғып сөз қозғайды. Елінің мақсат, муддесін көздел, оның парасатты ұрпағына жеңжосық көрсетеді. Керек жерінде сын айтып, керексіз әдеттер мен мінездерден сактандыраады. Жалпыға ортақ ойлар түйіндейді. Сондықтан, Абай сөздері сырт формасы жағынан «Кабус-намаға» өте ұқсас болса да, мазмұны мұлде бөлек. Бұл тұста біз Абайдың аталмыш шығарманы оқығанын және түрі, стилі жағынан болса да үлгі тұтқанын айтпақтыз.

Жанрлық іздену жолында ол шығыстың ғылыми трактат, тастих ретіндегі шағын үлгілерін, Жәмидің қарасөзді ғақлияларын есте ұстағаны даусызы.

Қазіргі қолданылып жүрген мағынасында көркем проза жаңрын тікелей Абайдан іздеп, соның біріне оның ғақлия қарасөздерін жатқыза салам деудің реті келе бермейді. Мысалы, көркем прозаны алсақ, оның казір көлемді түрі және шағын түрлері қалыптасты. Көлемді түрі: роман, повесть, шағын түрі: әңгіме, новелла, очерк, т. б. Көркем публицистика түрлері бар. Бұлардан тыс әдебиет қорына қосылатын жанама шағын формалардан – сын, макала, деректі әңгіме, қызықты памфлет, фельетон, ғылыми-философиялық мәні бар эссе, трактат, сұхбат, суреттеме, өсінет сөз, нақыл сөз, т. б. атауға болады.

Абай прозасы ішінде ғақлия, нақыл сөздер де, ғылыми мақала да, ойшылық трактат та, өткір сын, мысқыл ретінде келетін сатиравың әңгіме де, адамгершілік өситеттер де (дидактикалық рассуждение), публицистикалық насиҳат тұрларі де, шешендік әңгіме кеңестері де бар. Тек көлемді көркем проза жазбаған.

Қысқасы біз: 1) Абайдың қарасөздерін негізінен прозаның шағын түрі деп атау керек, 2) Абайдың қарасөздерінде шағын прозаның мынадай тұрларі бар деп білу керек демекпіз:

1. Өситет ғақлияға Абайдың адамгершілік мораль, мінез-құлық туралы мысал жөнімен келетін өситет мазмұнды эссе ретінде сөздері және діни гибрат ретінде жазған біраз дидактикалары жатады. Олар: «Он үшінші», «Жиырмасынышы», «Жиырма сегізінші», «Отыз сегізінші» сөздері деуге болады.

Абай өситет ғақлия ретті эссеңі тек түр ретінде өз мақсатына сай жаңа мазмұн бере отырып, пайдаланған. Мұны Абай ағартушы насиҳатшылық талабына, өнеге, ақыл айтып кету арманына сай жазған. Сондықтан оны түр ретінде пайдаланудан қашпаған.

2. Тастих (утверждение) немесе философиялық трактат. Бұған Абайдың философиялық ойларын, дүниеге көзқарастарын білдіретін ғылыми пікірлер айтқан эсселері жатады. Мысалы, «Жетінші сөз», «Он жетінші сөз», «Қырық үшінші сөз», «Қырық бесінші сөз».

Бұдан басқа «Жиырма жетінші сөзі» мен «Отыз сегізінші сөзі» де трактат үлгісіне ұқсайды. Бірақ олар терең ойлылығы жағынан жақын болса да, түрі жағынан біраз алшағырақ. Сондықтан бұл сөздерді өситет ретіндегі диалог-кенес сөз үлгісіне (поучение, сұхбат формасына) жатқызған жөн.

3. Нақыл тұспал сөз (Афоризм, изречение). Абайдың өлеңдерінде де, қарасөздерінде тауып айтқан тұжырымды, үлгілі деп аталып жүрген сөзі түгелдей афоризм (23 афористік сөз), тұспал сөздер де көп. Осындағы афоризм тізімі «Кабус-намада» да көзігеді. Қарасөздердің ішінде «Отыз жетінші сөзде», бұдан өзге де афоризмдері көп. Олар әр жерде шашылып жатыр, өлеңінде де, қарасөздерінде де, әркімнің еске алған сөздерінде де кездеседі. Оларды өз алдына тізсе, мол дүние болып шығады.

Мысалы: «Сақалын сатқан көріден, енбегін сатқан бала артық», «Дүние бір қалыпты тұрмайды, адамның қуаты бір қалыпта тұр-

майды. Ендеши көңіл қайдан бір қалыпта тұра алады» (Жиырма-сынышы сөз). Осылайша, тұспал сөзбен ақыл айтып, тұжырымды ой беріп, әдебиетте тұспал мәтел сөз формасын дамытты.

4. Әңгіме, кенес ретіндегі диалог, монологтарында Абай кейде екі адамды, не адам мүшелерін сөйлестіріп, кенестіреді. Кейде өзі әңгіме-дүкен құрып, тыңдаушысымен не өзімен өзі кенесіп отырады. Біреуге сұрау қойып, жауап күтеді, не өзі екінші кісінің ролінде толғанады. Жауабы өзінен-өзі белгілі сұраптар қояды. Мысалы: «Төртінші», «Бесінші», «Сегізінші», «Тоғызынышы», «Онынышы», «Он екінші», «Он алтынышы», «Он тоғызынышы», «Жиырма бесінші», «Жиырма жетінші», «Отыз бірінші», «Отыз екінші», «Қырықынышы» сөздері.

5. Публицистикалары: «Бірінші», «Екінші», «Үшінші», «Он төртінші», «Жиырма төртінші», «Жиырма алтынышы», «Жиырма тоғызынышы», «Отыз үшінші», «Отыз тоғызынышы», «Қырық бірінші», «Қырық екінші» сөздер және «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» мақаласы.

Публицистика – мерзімді баспасөздің шығуына байланысты пайда болған белсенді жанр. Онда саяси-әлеуметтік, мемлекеттік, қоғамдық маңызы бар мәселелер қозгалады. Жағымсыз құбылыстар, мінездер сыналады. Кейде ғылыми мәселелер көтеріледі. Абайдың «Екінші», «Үшінші», «Бесінші», «Тоғызынышы», «Отыз үшінші», «Қырық екінші» сөздері мен «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» сөздері – ғылыми мақала ретінде жазылған публицистикалық еңбек. Онда Абай алуан түрлі қоғамдық саяси-әлеуметтік, ғылыми мәселелерді қозгайды. Бұл сөздердің мақалалық сипаты айқын байқалады. Қунделікті бір мәселені қысқаша жай ғана баяндап берушілік, оған әлеуметтік мән бере сөйлеу – мақалага ұқсататын қасиеттер.

Абай қазақтың болыс, билерін, байларын келеке етті, елдегі қырсыздық, енбексіздік, нағандық тағы басқа жағымсыз істерді сынай сөйлеп, «Алтынышы», «Он бірінші», «Он төртінші», «Жиырма екінші», «Жиырма тоғызынышы», «Қырық бірінші» сөздерінде публицистиканың сын-сатира эссе, очерк, мақала, памфлет жанрларын әдебиетке әкелді. Памфлетте ирониялы құлқінің, сатираның, элементтері басым болады. Памфлет – адамшылыққа

жат қылыштарды мұқату, халықты оған қарсы қою, жақсылыққа шақыру мақсатын көздейтін публицистика. Әсіресе, «Алтыншы», «Он бірінші», «Жиырма екінші», «Қырық бірінші» сөздері памфлетке ұқсайды. Ал Абайдың бірер сөзі («Бірінші сөз») мемуарлық, кейде құнделік деректі білдіреді. Соның элементтері байқалады. Мұнда Абай өз жайын, ойын, мақсатын, талаптарын айттып отырады.

Қысқасы, бұл сөздер арқылы Абай өз заманының ірі бүқарашиб публицисті болды. Ол қазақ жазба әдебиетінде публицистикалық прозаны бастады. Қазақ публицистикасының басы болды. Абай публицистикасы өз кезінің келелі мәселелерін көтерді. Қазақ қоғамының көртартпа салт-санасына қарсы сын айтты. Өнер-білімге үндеді. Көрші озық елдер мәдениетін үлгі етті. Ал, Абайдың «Он бесінші», «Он жетінші», «Он сегізінші», «Жиырма ушінші», «Жиырма алтыншы», «Жиырма жетінші», «Отызыншы», «Отыз бесінші», «Отыз алтыншы», «Қырық төртінші» сөздерінің көркемдік сипаты басым; әсіресе, мінезсіз адамдардың (кербез, мактаншақ) бейнесін суреттеуі әдемі шыққан. Аталған әңгімелердің бір тобы – көркем дидактика (изречение), шешен толғаныс туындылары. Олар кей тұста өткір мысқылмен де қабысады. Кейбіреулері таза диалогты әңгіме. Енді біразы автордың терен толғаныстары, монологы, ақыл айттып, кенес жасау, толғана сейлеу (рассуждение) ретінде монолог. Бәрі де сюжетсіз, белгілі бір ойдығана білдірерлік шебер, шешен туындылар. Аталмыш диалогтары мен монологтары – басқа сөздерінен ерекше көркем, қазақтың шағын прозасының алғашқы көріністері. Ол адамдар арасында кездесетін кербез, керден, мактаншақ, құр қеуде, жұғымсыз мінез-құлықтарды шебер бейнелейді. Бір топ адамның жағымсыз мінезін көз алдына елестетеді.

«Қырқын мінсе қыр артылмайтын осы бір «қырт мақтан» деген бір мақтан бар... Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, үлкен ой жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдылығы жоқ, арлылығы жоқ. Мойның бұрып қойып: «Ой тәнірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің! Кімнің басы кімнің қанжығасында жүр. Ол менің қазаныма ас салып беріп

жүр ме? Мен онан сауын сауып отырмын ба?», «Ой, енесін ұрайын, өліп кетпей неге керек? Азар болса атылып, осы үшін айдалып кетсем де көңгеним-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма?» деп, қалшылдайтын кісі көп қой» («Отызынышы сөз»).

Бұл арада Абай мактандың кісі тек осындай ретпен мактанды деп жай баяндап отырған жоқ, оны көркемдеп, әсірелеп, бейнелеп, сурет жасап отыр. Ол көп жерде образды сөздерді мол қолданып, әсірелусе де әуестенеді. Айқын салыстыру, шендеңстіруді орынды қолдана отырып, терен толғанды.

«Пайда, залалды айыратуғын қуаттың аты ақыл еді ғой. Бір ақыл қуатымен мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, һәм қайрат – екі мықты қуат қосылып тоқтатады. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуат мұнан салсан онан шығатын бір жорға атпен тең. Егерде бұл екі қуаттың екеуі де аз болса, яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі қуаттар – бір басы қатты асас ат, жүгенсіз тауға ұра ма, тасқа ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма, құдай білсін, әйтеуір жолда көрген есті, ақылы дұрыс адамдар әлі де жөн сұрамай қалады. Сенде ерік жоқ. Екі етегі жайылып, екі көзің аспанда, маскара болып кеткенің өлгенінше» («Қырық үшінші сөз»).

Сайып келгенде, Абайдың прозасы өз кезіндегі алуан түрлі мәселелерді қозғап, идеясы мен тақырыбы жағынан оның өлеңдерімен жалғасып жатыр.

Егер де Абай дүние, өмір, табиғат, дін туралы ойларын айтпақшы болса, ертеден мәлім тастих (утверждение) ретіндегі трактат формасында ойлы эсселер жазған. Егер ол халықты жақсылыққа бастап, жастарға ақыл айтып қалдырмақшы болса, өсiet сөз (поучение) формасында эсселерін ұсынған. Егер ақын өзінің ішіндегі ойларын түгел ақтарып сыр айтпақшы болса, әңгіме-ду肯 ашып, ойлы кенес құрады. Бейнелі көркем ой толғайды. Жұртқа ақыл айтып, өнегелі сөз, тұжырымды ой білдірерде нақыл сөз (афоризм), мәтел үлгісін қолданған. Егер қоғамдық санаға әсер етуді ойлап, саяси әлеуметтік тақырыптар көтерсе, публицистиканың кейбір өткір түрлерін: макала, очерк, суреттемелерін жазады.

Абай қолданған прозаның бұл формалары – ертеден мәлім прозаның шағын түрлері. Еліне деген ескертпелерін жазушы

ессе үлгілерінде танытты. Абай өзінің прозаларында бірінші орынды мазмұнға береді. Қолданған жанр түрлері мазмұнға бағынышты. Абайдың өсietті тек қана діни уағыздар мен иманшарттарын үгіттемейді; керісінше, кейде оны сыйнай талдайды. Адамгершілкке, өнер-білімге, әділеттілікке үндейді. Мазмұн жағынан олар – ел тілегі, халық мұддесі, болашақ қамы үшін айтылған адамгершіл ақыл-ғақпия сөздер.

Абайдың прозасы – қиял прозасы емес, өмір прозасы. Ол – объективтік шындықтың шешендік қорытындысы, ғылымға негізделген терең ой тебіреністер, адам мінезін бейнелейтін әсерлі әңгіме, деректі эссе, көркем публицистика, насиҳатшыл дидактика. Бұл жағынан Абай Пушкинге де ұқсастық білдіреді.

А. С. Пушкин, әуелі күнделік, сын заметка, памфлеттер, қысқа записка, афоризм түрлерінде өмір кезеңдерін және көргендерін тізіп (наброски мыслей и наблюдение), хат трактат (трактование, как литературная данность) жазған. Содан кейін ұзақ проза (повествовательная проза), ең соңынан публицистика мен тарихи повестер қалдырган. А. С. Пушкиннің бізге мәлім бірнеше памфлеттері де бар («Феофилактика Косычкина», «Торжество дружбы», «Записка Ведока», «Несколько слов о мизинце Г. Бульгарина»). Бұл шағын прозалары өз атынан жай әңгімеленіп, әңгімеші (рассказчик), кенесші (собеседник) ретімен, кенес сөз (беседа) сияқты болып жазылған. Одан кейін ол беллетрист, сосын зерттеуші болып көрініп отырған.

Абай да осы Пушкинше бастаған сияқты. Бірақ, ол түрлі себептермен Пушкинше көлемді көркем проза бере алмаган. Абай тек публицикалық шағын проза, өнеге өсietті сөз, эссе, нақыл мен әңгімелер жазды. Алайда осы шағын прозаларының өзі бұрынғы өсietтерден өзгеше мазмұнда, өткір көркем тілді, жаңа идеядағы еңбек болып шықты. Қазақәдебиетінде көркем прозаның өсуіне жол ашты. Абайдың қарасөздері тек жанры – прозалығы жағынан ғана маңызды шығарма емес, сонымен бірге, ол өзінің тілі, стилі жағынан да аса маңызды еңбектер. Қандай шығарма болмасын, ол белгілі бір стильде жазылады. Одан жазушының шығармашылық ерекшелігі көрініп жатады. Шығарманың идеялық мазмұны мен жекелік тіл формасы, тағы басқа алуан

түрлі өзгешелік қасиеттері оның стилін танытады. Стильдің дұрыс шығуы, оның қарапайым, айқын болуы, шығарманың құндылығын арттырады. Жаңа көзқарастағы халықшыл Абай өз шығармаларының түрін де, стилін де, мазмұнын да мүлде өзгеше құрды. Ол қазақтың сөйлеу тілін жоғары көтеріп, қалың бұқараның қарапайым сөзін жазба әдебиетке енгізді. Әдебиеттің жүргітшылықтың тілегіне қызмет еткендей, оған окушы жеңіл түсініп, санаға тез әсер бергендей халге жеткізуді көздеді.

Осындай игі мақсатты қөздеғен жаңашыл жазушы қазак әдебиетінде өріс алған орамсыз, мағынасыз шұбаланқы ескі стильді тежеді. Көне әдебиеттен келген шұбар әдеби тіл орнына таза халық тілін ұсынды. Сөйтіп, Абай қазақ әдебиетінек тек мазмұн жағымен емес, түр, стильтің жағынан да үлкен реформа жасады. Абай қазақтың жазу тілін сөйлеу тілімен ұштастырды. Өз шығармаларын ол енбекші халыққа өте түсінікті, әбден таныс, көкейіне конымын тілде жазды. Абай қарасөздерінің стилі – ескі діни формадағы әдебиеттен мүлде басқа, өзінің тілі жағынан халық әдебиетті стиліне орайлас шығарма. Абайдың қарасөздерінің стиль ерекшелігі – мазмұн мен идея жаңалықтарына байланысты қалыптасқан реалистік публицистика стилі. Қазақ жазба әдебиетінде Абайға дейін ойшыл, сыншы ғалым жазған ғылыми, философиялық енбек, сатирылық қарасөз үлгісі қалыптасқан жоқ-ты. Оның алғашқы үлгісі тек Абайдан ғана айқын көрінді. Мәдениетті ғалым-жазушы терең ойлы толғануларына сай бай мазмұнға негізделген, өзіндік беті айқын, жаңа стиль жасады.

Абай проза жазуға өз бетімен келді. Оның алдында жетілген ұлттық проза тәжірибесі болған жоқ. Ол өзі оқып білген, естіген жаңа ойларын қазақша қарапайым сөзбен, шағын көлемге сыйғызып баяндады. Абайдың қандай шығарма жазбасын бөрінде де мазмұнға бірінші орын беріп, оған ерекше көніл бөлуінің негізгі себебі де осы.

Абайдың қарасөздерінің қалың көшілікке тән стильдік ерекшеліктерінің бірі – лаконизм (белгілі ойды қысқа, анық, нақты етіп айтып беретін қасиет). Ол ешуақыт егжей-тегжейлеп, айнала орап, өмір фактілерін қалдырмай термелеп жатпайды. Айтар ойынан тікелей бастап, етек-жені жинақы тіркестер арқылы түйіндейді.

Абай қарасөздеріндегі екінші бір стильдік ерекшелік, ол – нақыл сөзділік (афористичность). Афоризм, лаконизм – Абай сөздерінің бірыптырасына тән қасиет. Абайдың өз атынан айтылып, толғанатын сөздерінде афоризм өнен бойы кездесіп отырады. Кейде ол афоризмдері Абай сөздерінен бөлініп, жеке өз алдына өмір сүріп, халық арасына етене сіңіп кете барады. Олар өзінше бөлек нақыл, мәтел сөзге айналады.

Тағы бір өзгешелігі – оның үгіт-өситетшілдік мазмұнына лайық публицистикалық дидактизм. Абай шығармаларының негізгі стильдік өзгешеліктері – оның идеялық-мазмұнынан өрістейтін жаңалықтар.

Корытып айтқанда, Абай прозасының стилі – негізінде, реалистік публицистикалық стиль. Қарапайымдылық пен лаконизм Абай прозасының бұқарашибұлдық бағытын белгілейді. Терен ой мен ғылыми деректілік, дидактикалық сарын оның публицистикалық сырын анықтайды. Абай прозасы нақты мақсат көзделп, белгілі бір себеппен пайда болып, жазушының пікір жаңалықтарын хабарлайды. Мәнгілік тәлім берер өнегелі өситет болып өмір сүреді. Әрбір көркем шығарма сияқты ол да қоғам қайшылықтарын ашады. Халықтың өмірге деген сенімін арттырады. Көзін ашып, көңілін сергітеді. Келешек керегіне қызмет етеді.

Абай – XIX ғасырдағы гуманитарлық ой сананың жемісі, ол – көркем әдебиет тілін жалпы халықтық қазақ тіліне жақындастырып, оның бұқаралық сипаттын зорайтқан қазақ әдеби тілін қалыптастырып жетілдіруші. Абай өзінің көркемдігі жоғары шығармаларын жалпы халықтық қазақ тілінде жазды. Халық тілі байлығын өте шеберлікпен ұстартып, ұқыптылықпен қолданды.

Абай шығармаларының тілінде қазақ тіліне тән барлық халықтық қасиеттер сақталған. Қазақ тілінің монолиттік бірлігін, ертедегі ескі формаларын және оған көрші – татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, араб, парсы, орыс тілдерінің заңды әсерін Абай шығармаларының тілінен айқын көруге болады. Керек жерінде шет тіл сөздерін орынды қолданады. Мысалы, шақты, еден, смер, зинаһар, ғұрырлық, хорлану, хүсідшілік, бақас, ұстарат, даражы, қаралам, т. б. сөздерді қолданудан тартынған жоқ. Абай заманында қазақтың билеп-төстеушілері, дін басылары, татар молдалары

қазақ тіліне араб-парсы сөздерін көп енгізіп, оны бірте-бірте күшайтеді. Абай олардың қазақ тілін бөтен сөзбен шұбарлап, бұзуларына жол бермей, тіл тазалығын керек етті. Абай қазақтың бай әдеби тілін менгеріп, оны ілгері дамыту мақсатында өзіндік жана сөз, сөйлем тіркестерін жасады. Кейбір қолданылып жүрген сөздердің өзіне жана мағына беріп отырды.

Абай орыс сөздерін қолданғанда оны қазақ тілінің заңына көндіре, қазақ ұғымына, айтуына ынғайлап, өзгертіп те жіберді. Мысалы, старшина емес, старшина, суд емес сот, уезд емес ояз, губерния емес губернене, т. б. Кейде орыс сөздерінің кейбіреуін сол өз қалпында алып, өзгертпей де қолданады: образование, назначение, посредник, т. б.

Халық әдебиетіндегі макал-мәтел сияқты нақыл сөздерді өзінше пайдаланып, оны да жаңа тұрғыда дамытты. Қазақ әдеби тілін орыс тілімен жақындастырып, одан аударып не тікелей сөз алу жолымен қазақ тілінің сөздік құрамының өсуіне алғаш үлгі көрсетті. Сөйтіп, Абай қазақтың әдеби тілін бұрынғы қалпынан әлдеқайда жетілдіріп, мәдениеті ілтері елдердің әдеби тілі дәрежесіне жеткізу қамын жасады. Абайдың философиялық қарасөздерінің тілі автордың өз ойы мен кезінің алдынғы қатарлы санасын бере білуде тиянақты, өзіндік өзгешелігі бар екенін және оның дүние танып, қорытынды жасау талабында болғанын танытады. Оның әрбір сөздері – қысқа айтылған терең ойға, шебер түрге, афоризмге толы туындылар. Ондағылыми терминдер жанданып, айқындала түседі.

Абайдың философиялық-публицистикалық шығармалары кейін дамыған қазақтың лексикасы мен фразеологиясының негізін қалады.

Абай тілі қазақтың публицистикалық сын прозасының демократтану бағытын көрсетті. Абстракт философия терминдері мен лексикаларының қалыптасу және ескі кітаби тіліне қарсы күрестің күшайтеп жатқанын білдірді. Сөйтіп Абай өзінің шығармасының тілі жағынан да, ескі мұсылманша әдебиеттен бөлініп, жаңа әдеби тіл жасау жолын бастанады.

Абай – музикалық шығарма жазған композитор. Оның бізге жеткен көптеген әсем әндері бар. Ақынның музика саласындағы өнерін А. Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдарында» (1963 жыл)

кең талдаң, танытқан болатын. Қазір Абайдың екі күйі де табылып отыр. Олар: «Май» және «Тор жорға» күйлері.

Абай – XIX ғасырдағы ағартушылардың озық идеясын қазақ жеріне алғаш әкелуші, олардың тамаша шығармаларын өз халқы тіліне аударып, таратушы.

Абайдың қазақ мәдениеті тарихынан алатын орны да оның шығармашылығының жан-жақтылығымен, терендігімен, ағартушылық, гуманистік, ақындық еңбегінің зор маңыздылығымен белгіленеді. 1995 жылы Абайдың туғанына 150 жыл толды. Бұл мерейтой жер жүзілік көлемде, бұрын-соңды еш болмаған ұлы мереке дәрежесінде өтті.

Ақынның шығармашылық қыр-сырлары ашыла түсті. Отыз шақты тілдерде ақын шығармалары басылды. Түгел өркенист елдер әдебиесті қорына қосылды.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Марғұлан Ә. Абай көлжазасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 300-304-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Машанов А. Ұлы ұстаз Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 71-80-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиетінің тарихы: окулық. – Алматы: Санат, 2006. – 877-887-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Нұршайықов Ә. Шұтылалы шұмақтар. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 344-355-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 244-262-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Кирабаев С. Абай – казақ әдебиетінің класигі. Баспасөз бетінде жарияланған: Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 194-200-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ахметов З. Өлең өрнектері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 205-223-беттер; Абай институтының вебсайты
8. Қабдоллов З. Абайдың ақындығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Арна. Зерттеу сын: эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 9-43-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 84-90-б.; Абай институтының вебсайты.
10. Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Шығармалар жинағы. II том. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 2010. – 409-434-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Сахариев Б. Өппіес мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Қурескер тұлғасы: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1979. – 222- 229-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Дүйсенбаев І. Абайдың поэмалары мен аудармалары. Баспасөз бетінде жарияланған: Фасырлар сырьы. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.
13. Бердібаев Р. Кеменгерлік келбегі. Баспасөз бетінде жарияланған: Замана сазы: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1985. – 1985. – 216-226-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Қожакеев Т. Абай – сатирик. Баспасөз бетінде жарияланған: Таңдамалы шығармалар. Көптөмдүк. IV том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 3-29-беттер; Абай институтының вебсайты.

15. Сәтбаева ІІ. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Бес томдышқыш шығармалар жинағы. I том. – Астана: Елорда, 2007. – 89-110-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Базарбаев М. Абайдың жаңапылдығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973; Абай институтының вебсайты.
17. Дербісәлин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1976 – 114-153 беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчество: мақалалар жинағы / ред баск.: М. Ақынжанов, З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA, 1954. – 132-142-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Талжанов С. Абай Құнанбаев. Баспасөз бетінде жарияланған: Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 195-217-беттер; Абай институтының вебсайты.
20. Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 364-372-беттер; Абай институтының вебсайты.

## МАЗМҰНЫ

Марғұлан Ә. <b>Абай қолжазбасы</b> .....	3
Машанов А. <b>Ұлы ұстаз Абай</b> .....	8
Сүйіншәлиев Х. <b>Абайдың қарасөздері мен нақышдары</b> .....	19
Нұршайықов Ә. <b>Шұғылалы шумақтар</b> .....	33
Әлімбаев М. <b>Абайдың қайталап оқығанда</b> .....	46
Кирабаев С. <b>Абай – қазақ әдебиетінің классигі</b> .....	65
Ахметов З. <b>Өлең өрнектері</b> .....	72
Қабдолов З. <b>Абайдың ақындығы</b> .....	81
Кәкішев Т. <b>Абайдың сатирасы</b> .....	101
Нұрқатов А. <b>Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы</b> .....	109
Сахариев Б. <b>Өшпес мұра</b> .....	129
Дүйсенбаев Ы. <b>Абайдың поэмалары мен аудармалары</b> .....	137
Бердібаев Р. <b>Кеменгерлік келбеті</b> .....	154
Қожакеев Т. <b>Абай – сатирик</b> .....	167
Сәтбаева Ш. <b>Абай және Еуропа халықтары әдебиеті</b> .....	188
Базарбаев М. <b>Абайдың жаңашылдығы</b> .....	211
Дербісалин Ә. <b>Қазақ поэмасының тарихынан</b> .....	221
Хасенов М. <b>Абай шығармаларындағы сын</b> .....	235
Талжанов С. <b>Абай Құнанбаев</b> .....	247
Әбдірахманов Т. <b>Мәңгі жас мұра</b> .....	261
<b>Түсініктер</b> .....	269

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
III том  
Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8757**

Басуга 09.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1508.  
Тараалымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.